

жырлаған. Композитордың ән шығармашылығының негізгі тақырыбы - ел өмірі.

Ол - жыр алыбы Жамбылмен жарты ғасырдай бірге жүріп, жаңа дәуірді асқақтата жырлаған замана жырауы. Бұған екі жүзден астам өлең, арнау, толғаулары айғақ. Бұл туындылары әлденше рет жинақ болып жарияланды. Кенен Әзірбаевтің көптеген шығармаларын аудармашы Бақытжан Қанапиянов орыс тіліне тәржімалаған. Таңдамалы шығармаларының 2 томдығы және «Шырқа, дауысым», орыс тілінде «Песни гор и степей» кітаптары жарық көрді. Деректі кино-телефильмдер түсірілді.

Кенен Әзірбаев халқымыздың ауыз әдебиеті нұсқаларын есінде мол сақтаған, оның айтуынан жазып алынған фольклорлық мұралар Қазақстан Ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазбалар орталығында сақтаулы.

«Адал еңбек ердің досы,  
Сақ іздеудің жолы осы.»

К. Әзірбаев

Жұмыс тәртібі:

Күн сайын сағат 9:00 -18:00 дейін ашық  
Демалыс күндері - сенбі, жексенбі  
Әр айдың соңғы күні тазалық күні

Мекен-жайымыз:

Ұлытау облысы,  
Жаңаарқа ауданы,  
Ақтайлақ ауылы,  
Ұландар көшесі 8



Телефон:  
8-710-305-16-52



Біздің электронды поштамыз:  
aktaylak.kitaphana@mail.ru



Инстаграм:  
Kitaphana Aktaylak



Тик-ток:  
f19kitaphana

Дайындаған:

Түребекова Аңсаған Рахымтайқызы



“Сәкен Сейфуллин атындағы  
кітапханалар жүйесі” КММ



Кенен Әзірбаев  
(1884 –1976 ж.ж.)

Ақтайлақ ауылы, 2024





Әкесі Әзірбай, шешесі Ұлдар да әнші, домбырашы болған. Әр жырды әуелі ата анасынан үйренген Кенен 11 жасынан домбыраға қосылып, өз жанынан өлең, ән шығара бастаған.

«Бозторғай», «Көкшолақ», «Бұлбұл», «Он алтынышы жыл», «Қайран елім», «Аттан» әндерін шығарып, «Әли батыр», «Қырғызбай» дастандарын жырлаған.

Қазақ, қырғыз арасындағы белгілі жасындарға қатысып, айтысқа түскен, ән сайысына араласқан. Мемлекет қайраткерлері Ораз Жандосов, Жұданыш Бәрібаев, Шоқаш Бөкин, тағы басқалармен таныс-біліс болған. Ұлы Отан соғысы жылдарында мәдени-үгіт бригадасын құрып, ел аралап, халқымыздан шыққан батыр ұл-қыздарымыздың ерлігін, жеңісін жырлады. «Біз жеңеміз», «Сүйгенім-ай, күйгенім-ай», «Төрт батыр».

50-70 жылдары дейдіт өмірді, республика табыстарын, замандастарын бейнелейтін өлең, терме, толғау дастандары туды. 150-дей ән толғап, оның өлеңін жазды. Оның әншілік, композиторлық болашағына әнші-жыршылардың, домбырашы-күйшілердің әсері зор болды. Әсіресе, Жамбыл, Сарыбас, Балұан Шолақ, Шашубай сынды белгілі әнші-ақын, композиторлардан үлгі-өнеге алған. Ақын-композитордың «Бозторғай», «Көкшолақ», «Базар-Назар»

Кенен Әзірбаев сондай-ақ Қарағанды кеніштерінің, Балқаш мыс қортушыларының, Шымкент қорғасыншыларының, Каспий балықшыларының, Түрксіб темір жол құрылысшыларының арасында болып, сол алып құрылыстардың жетістіктерін шабытпен



Кенен Әзірбаев (1884 жылғы 19 маусымда, қазіргі Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтідұлақ елді мекенінде дүниеге келген - 1976 жылғы 12 сәуірде Жамбыл облысы, Қордай ауданында, сол кездегі Киров колхозында (қазіргі Кенен ауылы) қайтыс болды) – қазақтың әйгілі халық ақыны, жырау, сал-серілік дәстүрдің соңы, әнші және композитор. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері.